

передать сущность оригинала, сказав немного, а то и вовсе ничего не сказав о его внешности.

Түйін

Берілген мақалада суреттегі портреттік мінездемені жасау құралдары қарастырылған. Автор портретке отырушының сыртқы және ішкі ерекшелігінің екі жаққа бірдей қарайтын тіркеушісі болуы керектігін бекітеді: суретшінің модельге жеке қатынасы, оның өзіндік көзқарасы, оның көрінетін қолтанбасының туындысына шығармашылық үлгісін қалдырады.

Summary

In given article means of creation of the portrait characteristic in drawing are considered. The author asserts that the portrait should not be the passionless registrar of external and internal features портретируемого: the personal relation of the artist to model, its own outlook, its creative manner leave a visible mark on product.

ҚАЗІРГІ КЕЗЕНДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕГІ «ТҰЛҒА» АРХЕТИПІ

Қ.С.Оразқұлова–

*бейнелеу өнері, музыка және хореографияны оқыту әдістемесі
кафедрасының аға оқытушысы*

Қазіргі таңдағы ұлттық мәдениетті қайта жаңғырту мен оның байырғы қалыптасқан үрдістерін жалғастыру қоғамымыздың рухани саласын дамытудың басты шарттарының бірі. Рухани мәдениетіміздегі маңызды саланың бірі – бейнелеу өнеріндегі ерекшеліктерді әлемдік ортақ ұстанымдардан ажыратып, оның мәніне үңілу, тарихи негіздерін ашу, түбірлестік тұтастықты ажырату ұлттық болмысымызды қайта жаңғыртудың басты шарттарының бірі. Бұл – әлемдік психологиядағы ағым «аналитикалық психология» негіздеген ұжымдық бейсаналылық пен архетиптер идеясына сүйеніп, ондағы түп-тамырлық көріністердің бүгінгі таңдағы нышанды белгілерін сараптауға мүмкіндік ашады. Осы ұстаным – архетиптік бейнелердің жалпыадамзаттық және ұлттық болып табылатын түрлерін ажыратуға мүмкіндік бере отырып, Қазақстан суретшілерінің туындыларындағы бейсаналық пен этноархетиптерді ашудың әдіснамалық алғышарты және этнопсихологияны дамыту мен халқымыздың дүниені қабылдау ерекшеліктерін байыптаудың негізі болмақ.

Осыған орай, бейнелеу өнерінде архетиптік үрдіспен жиі көрініс беретін тақырыптардың ішінде адам мәселесі басты орын алатындығына сүйене отырып, оның ұжымдық бейсанадағы тылсым табиғатын аша түсу үшін теориялық сараптамалар жасап, оны мысалдар келтіре отырып,

дәлелдей түсуіміз қажет. Себебі, казак дүниетанымында адам басты құндылық ретінде танылғандығын көптеген ұлттық дүниетанымды зерделеуші ойшылдарымыз қуаттап жүр: «...Екіншіден, казак философиясында онтологиялық (болмыс) және гносеологиялық (дүниетаным) мәселелерден гөрі адам мәселесіне көбірек көңіл бөледі; Үшіншіден, адам мәселесі, қазіргі тілмен айтқанда, көбіне экзистенциалдық тұрғыдан қаралады және оны көшпелілік өмір туған жерінің ұлан-ғайыр уақыт пен кеңістік әлемінде жалпы дүние болмысымен барынша бауырластығына сену көркемдік таным игілігінің маңызды бір шарты болып табылады»/1,93/.

Шындығында, көшпелілер дүниетанымы табиғат ырғағымен бірлікте даму идеясын ұстанып, адам мен әлем үйлесімділігінің тамаша үлгісін ұсынып, өзіндік адамжасампаздық персонализмін қалыптастырды. Себебі көшпенді дала субъектісі табиғатқа бейімделушілікті, табиғаттың тосын күштеріне қарсы тұруды, сайын даладағы еркіндік пен азаттықты аңсаған ділді психологиялық-танымдық үлгі ретінде ұстанды.

Ұлттық философияны зерделеушілердің бірі – Ә. Қодар атап өткендей: «Көшпенділер өмірінде тұрақты ешнәрсе жоқ екені белгілі. Қоныс та, күй де, жағдай да – бәрі де өзгермелі. Және бәрі жау – кеңістік те, уақыт та, қоршаған орта да. Сондықтан көшпелінің өмірі тек күрестен тұрады. Ал ол күресте жеңілмеу үшін «отқа салса күймейтін, суға салса батпайтын» қайсар өжет, айлакер, көреген тұлғаларды қалыптастыруына тура келді» /2,58/.

Осы сарын ғасырлар бойы жалғасын тауып, ел мен жерді қорғауға қажетті адам ресурсын қалыптастыруды басшылыққа алды, ол дала мәдениетіндегі негізгі модусқа айналды, тұлға қалыптастырушылық арқылы адам құндылығының жобасын, яғни, тұтас адам образын жасады. Сондықтан байырғы казактар дәуірінен бастап, мифтік оқиғалар, кейінгі діни сенімдер мен діндер, эпостық дәуір, жыраулық салт, ақындық өнер т.б. бәрі де көрнекті батыр тұлғасын әйгіледі. Осы батырлық тұлға сарыны мыңдаған жылдар бойы халық жадында сақталып, ерекше культке айналғандықтан, таза архетиптік түрде бүгінгі бейсанамыздағы маңызды элементтердің бірі болып отырғандығы сөзсіз.

«Ерліктің қаһарлы денесі, оның қорқынышты бейнесі жер асты әлеміне сай келді. Әдебиетте шамандардың Ерлік туралы түсінігі сипатталған. Онда Ерлік – «атлеттік дене бітімі» бар шал деп көрсетілген» /3,382/-деп атап көрсетілген тұжырымдар да оның байырғы ұлттық психологиядағы орнын айшықтайды. Яғни, күштің культінің көне шамандық сенімнен бастау алатын өте ежелгі дәстүрлерін бағамдай аламыз. Сондықтан оның өнерде тұрақты образдар түрінде қалыптасуын, біз, «Есік қорғанынан табылған алтын киімді сақ жауынгерінен» табамыз. Кейіннен, исламдық сенімге байланысты «адам кейіптеуге» тиым салынған психология салдарынан, бейнелеу өнерінен батыр архетиптері көмескілене бастады. Қазір мүсін өнеріндегі батыр бейнесі, колөнердегі оның құрал-жабдықтары мен қару-жарақтары, суретшілер шығармаларындағы тарихи тұлғалар тұрақты образдар ретінде кеңінен танымал.

К.Г. Юнгтің тұжырымдарына сәйкес, архетип – белгілі бір психологиялық ассоциациялар арқылы да құрылады. Мәселен, қазіргі кезеңдегі мұрағаттарда сақтаулы тұрған; қару-жарак, қолөнеріміздегі оның жаңа туындылары, тарихи батыр тұлғалардың бейнелері т.б. тұтас жауынгерлік рухты, отаншылдық сезімді нығайтатын визуалды-өнегелілік факторлар болып табылады. Ол педагогикадағы көрнекілік принципіне келіп тоғысады.

Ұлттық дүниетанымда тұлға образының тағы бір құрметтелген қыры – даналықтың иесі. Даналық – батыстық түсініктегі интеллектуалдық жоғары сапа ғана емес, өмір тәжірибесі арқылы парасаттылық деңгейге көтерілген, ақыл мен адамгершіліктің биік дәрежесін иеленген табиғи таланттың өркендеу және шарықтау шыңы деп түсіндіргеніміз абзал. Даналық культі түркілік танымда – хандар мен билер институтынан, шешендер мен тапқырлықтан, дәруіштер мен өзге де дін иелерінен айшықты көрініс табады. Даналық – абстрактылы ұғым, сондықтан қазақ даласында даналық субъектісі ерекше қастерленген, архетиптік бейне ретінде де сақталғандығы жасырын емес. Бүгінгі сәулет өнері мен мүсін өнеріндегі даналық бастаулардың сабақтастығының тұрақты көріністері: Қорқыт мазары, А.Яссауи кесенесі, үш бидің мүсіні т.б. байқалса, оларды құрмет тұту психологизмдері ұжымдық бейсаналықтың заңды биогенетикалық жалғасуы болып табылады.

Қазіргі бейнелеу өнеріндегі кең таралған тұрақты образдардың бірі – ана архетипі. Қазақ түсінігінде «Ана» қасиетті ұғым. Сондықтан оның антропологиялық бейнесі көне замандарда теологиялық нұсқаға ауысып, «Ұмай – ана» түрінде айшықталған. Ол жердің тәңірі, қазақтарда құт-берекенің иесі, ертедегі түркі халықтарының ұрпақ жалғастырушысы, молшылық құдайы болған. Отбасын қорғаушы және желеп-жебеуші ретінде өзінің бастамасын «Жер – Ана, Аспан – Әке» деп саналған теңеулерден ала отырып, қазіргі архетиптік көріністе «Табиғат ана» позициясына трансформацияланған. Сондықтан Ұмай анадан бастау алған ана образы барлық түркі халықтарындағы әйелдерді құрметтеу этикасы мен аналарды қадір тұту педагогикасына айналды. Себебі арғықазақтық дүниетаным бойынша әйелдерді кемсітушіліктің дискриминациясы болмағандығы аян. Мәселен, шығыстанушы В.В. Бартольд айтқандай: «Как показывают женские образы в народной «Книге о Коркуте», составленной вероятно в 15 вв. восточной части Малой Азии, женщина в народном или, по крайней мере, в богатырском быту, занимало место рядом с мужчиной, даже в военных делах» /4,129/. Бұны халқымыздың нақты тарихи тұлғаларына шолу жасау арқылы да айғақтауға болады: сақ көсемі - Томирис, Құртқа сынды эпикалық тұлғалардан бастап, кейінгі қазақ даласындағы ауылды билеген әжелердің айрықша құрметтелуіне дейін жалғастыра беруімізге болады.

Ана образы баламен ұштасып жатыр. Қазақ халқында ана болу, жас сәбиді дүниеге әкелу, ол ер жеткенге дейінгі дәстүрлер ұрпақ эволюциясының табиғи-элеуметтік тізбегін құрайды. Евгений Сидоркин, Нелли Бубэ,

Досбол Қасымов сынды қазақ суретшілерінің шығармаларына арқау болған «қазақ анасы» нәзік ұлттық өзгешелікті біріктіріп тұрғанымен, олардың әрқайсысына тән өзіндік қолтаңбасы айқындалған. Досбол Қасымов ана мен бала арасындағы нәзік байланыстың терең эмоционалдық қырын аша отырып, заманымыздың тыныш, бақытты кезеңін бейнелейді. Туындыдағы түстердің құбылуы мен өзіндік симбиозы соның айғағындай.

Антропологиялық-аксиологиялық тұрақты белгілердің бірі – тіршілік ету дәстүрлері, яғни, салт-дәстүр мен әдет-ғұрып принциптері және ондағы адамның сезімін айшықтау. Қазіргі кезеңдегі ұлттық рухани болмысымызға қайта оралу мен жандандыру салттарында жиі байқалатын архетип те осы. Сондықтан қазіргі кезеңдегі еліміздің суретшілерінде бұл тұтас картина айшықты көрініс табады. Мысалы, С.Әлжановтың «Күткенде» шығармасында ұлттық таным түсінікті, тіршілік ету салттарын тұрақты бейнелеу айқын нақышталған. Оны екі түрлі үлгіде қарастыруымызға болады: оптимистік – экзальтациялық шат-шадыман өмір, қуаныш пен үміттің персонажы т.б. болса, қайғылылық – ауыр тұрмыс, тарихи күрделі ахуалдар, ұлт пен ел тағдыры мәселелері т.б. тақырыптық-құрылымдық мазмұнға айналған. Мәселен, М.Қисамединовтің «Аруананың зары» туындысындағы көлденең тартылған тосын сызық бір карағанда тұтас мазмұнға қатыссыз болып көрінгенмен, ол «қарс айрылған жүректің» интуитивті түрде берілген, байырғы архетиптік нышанын білдіреді. Яғни, қайғының терең мазмұнын атап көрсетуге құрылған. Осыған орай, «жүрек» ұғымына қатысты тілдік ерекшеліктерді зерттеуші тілшілеріміз де оның көне танымдық бастаулардан тамыр тартатындығын атап өтіп, сезімдік толғаныстың орталық түсінігі ретінде даралана түскендігін аша түседі /5,160/.

Яғни, қазіргі таңдағы бейнелеу өнеріндегі этноархетиптерді ашу – ұлттық психология мен этнопедагогикадағы маңызды мәселелердің бірі бола отырып, өзіндік әдіснамалық жобасын ұсынатындығын да атап өтуімізге болады. Сондықтан ұлттық психология мен өнегелілік үрдісті өркендету үшін бұл мәселені тереңдей зерттеудің маңызы зор болмақ.

1. *Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. Жиырма томдық. 1 том. - Астана: Аударма, 2005.-496 бет (б.93).*
2. *Қодар Ә. Қанағат қазанаты: Өлеңдер мен ойтолғаулар жинағы. Алматы: Шабит, 1994.-111 бет (б.58).*
3. *Орынбеков М. Қазақ дүниетанымындағы Тәңіршілдік //Философия тарихы. Жиырма томдық. 14 том. - Астана: Аударма, 2006.-488 бет (б.382).*
4. *Бартольд В.В. Первоначальный ислам и женщина.-Ислам и культура мусульманства.-МГУ, 1992, (с.129).*
5. *Султангубиева А.А. «Жүрек» концептісін когнитивтік аспектіде зерттеудің ерекшеліктері //Ментальділіктің тілдегі көрінісі-Халықаралық ғылыми-практикалық конференция,1-том. - Ақтөбе: АқМПИ. – 2008. -28 қараша. -476 бет (157-161бб.).*

Резюме

В данной статье рассматриваются этнопедагогические и этнопсихологические архетипические аспекты в современном изобразительном искусстве Казахстана. Данная проблема рассматривается на конкретном примере - национально-психологическом художественном процессе познания.

Summary

In given article is considered pedagogical and psihologic arhetipical aspects in modern graphic arts Kazakhstan. Given problem is considered on concrete example national-psychological artistic process cognitions.

ТВОРЧЕСКИЙ ПОДХОД К ВЫПОЛНЕНИЮ ЗАДАНИЙ ПО ЧЕРЧЕНИЮ

Л.Н.Андреева -

*старший преподаватель кафедры «Методики преподавания ИЗО,
музыки и хореографии» КазНПУ им. Абая*

Перед нашей кафедрой и всем факультетом стоит важная задача эстетического воспитания студентов, развития их творческих способностей. Проблема формирования творческой личности будущего учителя многогранна по своему содержанию. Творчество — это то, в чём человек может осуществлять свою свободу, связь с миром, связь со своей глубинной сущностью. Творчество можно рассматривать не только как процесс создания чего-то нового, но и как процесс, протекающий при взаимодействии личности (или внутреннего мира человека) и действительности. При этом изменения происходят не только в действительности, но и в личности.

Развитие творческого начала, творческих способностей человека всегда волнует как ученых-исследователей, так и педагогов, непосредственно занимающихся практической работой с учащимися. В психолого-педагогической литературе все больше внимания уделяется поискам методов и методических приемов обучения, которые способствуют более успешному развитию творческих способностей, обеспечивают активизацию умственной и практической деятельности учащихся. Развивать творческую активность надо с детского возраста, со школьной скамьи.

В этом деле большую помощь оказывают изобразительное искусство, черчение и скульптура - учебные предметы, которые могут использовать возможности для реального развития творческих способностей личности, его творческой индивидуальности.

Для успешного развития творческих способностей учащихся нужно:

а) сформировать интересы каждого учащегося с учетом их возможностей;